

1. Ханмын		А. Шыңғыс хан ұрпағымын, қарашадан жоғары тұрамын. Хан бөліп берген ру-тайпаларды басқарамын, оларға жерлерді бөліп беремін. Хан сайлауына қатысамын. Елге жау шапса, ханға елден әскер жасақтаймын. Ханмен келіспей қалғанда, басқа мемлекетке көшіп кете аламын.
2. Сұлтанмын		Ә. Бұрын малшы болғанмын, бірақ туыстарым және өзім барлық малдарымыздан айырылып қалғандықтан, қазір қала маңында тұрамын. Байлардың егістік жерін жыртамын, суғарамын, сөйтіп азын-аулақ күн көріске ақша табамын.
3. Бимін		Б. Ерлігімнің арқасында қараша халық арасында кеңінен танылдым. Жерді және елді қорғаймын, хан-сұлтанның үкімін орындаймын. Бидің шешімдерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етемін.
4. Қожамын		В. Мемлекет басшысымын, Шыңғыс хан ұрпағымын, қараша халықтан жоғары тұрамын, әскерді басқарамын, халыққа жер бөліп беремін. Сұлтандарды тағайындаймын. Адамдарды жазалаймын, қалаған адамдарыма кешірім жасаймын. Бүкілхалықтық Құрылтайға шақырамын, онда елдің күрделі мәселелерін талқыға саламын.
5. Батырмын		Д. Шешендік, тапқырлық қасиеттің арқасында ел басқаруға қатысамын. Сұлтандар бөліп берген жерлерді басқарамын. Сот билігін жүзеге асырамын. Елдің күрделі мәселелерін шешуге қатысты Құрылтайға қатысамын, өз пікірімді айтып, заң шығаруға үлесімді қосамын. Сұлтан негізсіз салық салса, басқа сұлтанның иелігіне көшіп кете аламын.
6. Малшымын		Е. Шыңғыс хан ұрпақтары сияқты ақсүйек болып саналамын. Ислам дінін таратамын, халық арасында шариғаттың сақталуын қадағалаймын.
7. Жатақпын		И. Байдың малын бағамын, кедейленіп, қиын жағдайға душар болсам, байдан сауын ала аламын. Мүлкімнен айырылып қалсам, туыстарымнан, басқа малшылардан жылу жинай аламын. Қиын жұмыстар істеу үшін ағайымдарыммен асар жасаймын.